Жетісудағы ортағасырлық төрткүлдердің орналасуына келетін болсақ, басқа да аймақтармен ұқсас, көбінде бұлақ, өзен және көлдердің жағасында қоныс тебу қолайлы болған. Географиялық орналасуы таулы аймақ болса да, тіпті сазды жерлерде де негізгі фактор су көзінің жақын болуы. Қазіргі таңда зерттеліп жатқан көптеген төрткүлдер де ірі өзендердің арнасына жақын жерлерден табылған. Бірақ өкінішке орай бүгінгі күнде аталып отырған ірі өзендерді біразы тартылып қалған [Ақымбек, Шағырбаев, 2020: 182-194].

XI-XIII ғасырларда Жетісу мен Іле алабының таулы аймақтарында, осы Іледен бөлек Талғар, Есік, Қаратал, Лепсі өзендерінің аңғарларында да бірқатар елді мекендер мен қалалар пайда болады. X-XIII ғасырларда Іле өзенінің төменгі ағысында отырықшы-егіншілік өмір пайда болды. Ол дегеніміз табиғаты қолайлы, жылы, судың жағасында қала мәдениетінің дамып, жетілгеніне көзіміз жетті. Оған дәлел, археологиялық зерттеулер барысында қалашықтар маңында су жүйесінің (арық, бөгет, канал) табылуы. Зерттеулерге сүйенсек, осы уақыттарда аталған аймақта дәнді дақылдар мен жеміс ағаштарының бірнеше сорттары өсірілді. Қазба кезінде бидай, арпа, шемішке, өрік, алма қалдықтары табылды. Чанчунның зерттеулеріне келетін болсақ, оның айтуы бойынша Іле өзенінің алқабында мақта өсірілді. Ауыл шаруашылығының одан әрі дамуы отырықшы халық санының өсуіне әкелді. Сонымен қатар, Іле Алатауының бойында орналасқан қалалардағы жасанды суару әдісі VIII-X ғасырларда дамыды. Ол үшін арнайы дайындалған арықпен, арналармен қамтамасыз етілген өзен сулары пайдаланылды [Сараев, 2007: 123]. Жартылай отырықшы көшпелілер суару жүйесін қолдану, дайындау үшін, таулы жердің конустық, көлбеу аймақтарын пайдаланған.

2023 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің археологтары, Р.С. Жұматаев бастаған ғалымдар тобы Қапал-Қазылағаш 1 қалашығында алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қалашық көптеген өзен арасында, сазды жерде орналасқан. Қазіргі таңда қалашық айналасында шаруашылық фермалары жұмыс жасап, егін алқаптары өсіріледі. Жетісуда елді мекен пайда болып, өмір сүруіне табиғаттың рөлі жоғары екендігіне тағы бір мәрте көзіміз жетті. [Шакенов және басқа, 2023: 86-91].

Іле алқабының қалаларында халық саны XII -XIII ғасырларда 33000-39000 мыңға жетті. Алматы мен Талғарда 3800-4200 адам, Каялықта (Қойлық) – 10000-13000 адам, Шелекте – 4200-5000 адам, Дүнгенде – 4760-5600 адам, Көктұмда – 5600-6400 адам, Сумбеде – 1870-2200 адам өмір сүрді [Байпаков, Савельева, Чанг, 2005: 238]. Аталған уақытта қолөнер өркендеді. Қыш және темір өндіретін ұстаханалар дамыды. Жалпы, осы уақыттарда Жетісу мен Іле алабының қала-мәдениетінің ең дамыған бір уақыты деп айтуға болады.

Жоғарыда атап өткендей, XIII ғасырда Жетісу аймағында орналасқан қарлұқ мемлекетінен кейін, XIII ғасырға дейін қарахан мемлекеті, қарақытайлар, найман мемлекеті, соңғысы монғолдар өмір сүрді. Жетісуды басып алғаннан кейін монғолдар, аймақтың табиғи әлеуетіне, жағдайына қызықты. Жайылымды жерлердің көптігі, климаттың оңтайлығы және де стратегиялық тұрғыдан жақсы орналасуы, Жетісуды монғолдар өз элитасының тұратын жеріне айналдырды.

Нәтижелер. Жетісуда орналасқан қалаларының тұрмыс-тіршілігінде XIV ғасыр шешуші болды. Осыған байланысты зерттеушілердің еңбектерін саралаймыз.

XIV ғасырдың екінші жартысында Жетісу мен Іле алабында қала мәдениеті жойылып, толық күйреуге ұшырады. Саяси оқиғалармен қатар, Ұлы Жібек Жолы бойындағы халықаралық сауданың мәжбүрлі түрдегі тоқтатылуы және ұзақ мерзімді экологиялық фактор – Еуразиядағы жаһандық салқындау болды.

XIII–XIX ғасырдың ортасында палеоклиматологтардың айтуынша, шағын мұз дәуірі деп аталған экстремалды климаттық оқиғалар болды. Салқындау факторы XIII ғасырдың аяғынан байқала бастап, 1550-1850 жылдары шарықтау шегіне жетті. Ол бүкіл әлемді жаулап алды, дегенмен солтүстік жарты шарда бұл көрініс ерекше болды. Жоғарыда айтылған оқиғалар Шығыс Азия, Қытай, Япония жерлерінде кездесті [Жилина, 2010: 206]. Осы уақыттағы климаттық өзгерістер қала өмірінде ашаршылыққа, әр түрлі ауруларға әкеп соқты. Бұл тікелей адам мен табиғаттың байланысын қиындатты.

1331-1353 жылдары "қара өлім"(черная смерть) деп аталатын дүниежүзілік оба пандемиясы пайда болып, көптеген халықтардың өміріне әсерін тигізді. Аталған індет Қытай аумағында, 1331 жылы Хэбэй провинциясында басталып, монғол әскерлері Монғолия жері арқылы Ұлы Жібек Жолы бойымен таратты. Жалпы бұл уақытта монғол әскері Жетісуды толық бақылауда ұстап отырды. Жібек Жолы сауда жолы Жетісу арқылы бірнеше бағытта өткен. 1340 жылдары індет Ыстық көл өзеніне жетті, оған дәлел археологиялық қазба кезінде қабір үсті тастардағы жазулардың табылуы. Баласағұн қаласында 1340 жылы, 1341 жылы Талас жерінде және Самарқандта оба таралды. Аяғында Алтын ордаға жетіп, әрі қарай Еуропа жеріне өтті. Ғалымдардың болжамы бойынша, қара індет Орта Азияның шөлейт жерлерінде басталып, Ұлы Жібек жолымен Қырымға 1343 жылы жеткен. Қара індеттің кесірінен халық санының 30-60% мерт болған, яғни 14 ғасырда дүниежүзіндегі адам саны осы пандемиядан кейін 450 миллионнан 350-375 миллионға дейін азайған. Жоғарыда айтылған мәліметтер бойынша еңбектер аз, дегенмен Жетісудағы қала мәдениеттің тоқтауына бірден бір әсер еткен фактор деп айтуға болады [Нурпеисов, Ауэзов: 2021].

Жетісуда болған саяси жағдайлар, Шағатай ұлысының жойылуы, сонымен қатар 14 ғасырда Алтын орда ішіндегі аласапыран кесірінен қала, елді мекендер әлсіреді. Жалпы айтқанда Жетісу монғол билеушілерінің (Чапар, Кебек, Тюкеме) билік үшін соғысатын орталықтарының бірі болды.

Жоғарыда көрсетілген факторларды саралап, оларды археологиялық деректермен салыстыра келе осындай түсініктерді қарастыра аламыз.

Аязды қыс және ыстық жаз уақыты, жалпы климаттық өзгерістер көп уақыт аралығында егіншілік, шаруашылыққа кері әсерін тигізді. Табиғи, саяси жағдайлар елді-мекен халықтарының қоныс аударуына әкеп соқты. Осындай орын алған жағдайлардың барлығы қалалардың біртіндеп құлауына себеп болды.

XIII-XIV ғасырларда Қаялық (Қойлық) қалашығы 800 га жерді алып жатты. Сонымен қатар, осы уақытта Қаялықпен қатар Талхиз елді мекені өркендеді. Дегенмен зерттеулерді қарап отырсақ, екі қаланың айырмашылығын байқауға болады. Қойлық қаласында XIV ғасырда жаңа құрылыстар

салынғанына көз жеткізіп отырымыз [Байпаков, 2016, 63-64]. Баласағұн қаласы XIV ғасырдың басында өмір сүруін тоқтатады. XIV ғасырдың екінші жартысында Каялық пен Эквиус (Екиогиз) қалалары туралы мәліметтер мүлдем жоқ. Деректерге сүйенсек, қытай карталарында 1331 жылдары тек Алмалық және Иланбалық туралы ақпарат кездеседі [Байпаков, Савельева, Чанг, 2005: 126].

Қалалардың жылдам өлуіне себеп болған басты факторлардың бірі - оба эпидемиясы болуы мүмкін. XIV ғасырдағы індет жаһандық болды, ал Жетісу болса Моңғол дәуірінің негізгі жүретін жолдарының бірі болды. Эпидемия, негізінен, халықтың тығыздығына байланысты қала тұрғындары үшін жойқын болды. Бұндай ойға археологиялық зерттеулер кезінде табылған құнды артефактілер әкеледі. Археологтар мұндай ескерткіштерді «апат-қалашық» деп атайды. Бұл халықтың кенеттен және аяқ асты кетуімен байланысты жүреді. Сонымен қатар, соғыс кимылдарының әсерінен болған өрт іздері анықталмайды.

Жетісу қалаларының өміріне әсер еткен тағы бір ұзақ мерзімді фактор Ұлы Жібек Жолындағы транзиттік сауданың әлсіреуі және тоқтатылуы болды. Бұл сауда байланыс Моңғол империясы үшін өте маңызды болды. Сауда жолының біртіндеп әлсіреуі XIII ғасырда империяның ыдырауымен байланысты болды. Бірақ Таяу Шығыс, Иран және Қытай елдері бір бірімен сауда байланыстарын тоқтатқан жоқ, бұған Каялық пен Тальхирде жүргізілген археологиялық қазба кезінде табылған жәдігерлер дәлел бола алады.

Осы процестерінің кесірінен Жетісуда қалалық өмір XIV ғасырда жоғалып кетеді. Шу мен Талас аңғарларының қалаларында біртіндеп әлсіреу басталады. Тараз қаласы XIV–XV ғасырларда өз өмірін тоқтады.

Қала мәдениетінің өсуіне әсер еткен саяси процестер. Экономикалық процестер, аграрлық революцияның екінші кезеңі.

Саяси жағдайда урбанизациялық процестердің маңызды факторы мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуы мен білімнің дамуы болды. А.В. Коротаев пен Л.Е. Грининнің пікірінше, мемлекеттіліктің белгілері мен қалалардың пайда болуындағы байланыс кездейсоқ емес. Өйткені саяси, экономикалық, әлеуметтік процестер урбанизацияға әсер етіп, қалалардың дамуына себеп тигізеді [Korotaev, Grinin, 2007: 103].

Жалпы, мемлекет – әр түрлі функцияларды атқаратын кешенді интегративті институт. Ғалымдардың пікірінше, мемлекеттің, қалалық құрылыстың өсуіне әсері ететін бірнеше фактор ұсынылған. 1. Саяси және идеологиялық бірлікті құру; 2. Бірыңғай экономикалық шаруашылықты қалыптастыру; 3. Сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету; 4. әскери маңыздылықты күшейту үшін бекініс – қалаларды салу. Осындай қалалар көп тараған. 5. әлеуметтік стратификация жағдайында тәртіпті қамтамасыз ету және артық өнімді қайта бөлу; 6. Өндірістік шаруашылық үшін жағдай жасау [Зиняков, 2019, 932]. Ортағасырлық деректер бойынша, Жетісу жері мен Оңтүстік Қазақстандағы қалалардың дамуы әр түрлі деңгейде болды.

Ортағасыр уақытында аталған аймақтың экономикалық саласында аграрлық өзгерістер болды. Оған дәлел қолмен айналысатын егіншіліктің орнына әр түрлі әдістер шығарылды. Жер жырту үшін арнайы дайындалған темір соқа пайдаланды, кең таралған суару жүйесі, өсімдік түрлері, әр түрлі дәнді дақылдар өсіру көбейді. Темір соқаның маңыздылығы ерекше көрінді, оның кең қолданылуы егіс алқаптарының ауданын көбейтті.

Аграрлық революцияның ең басты көрінісі дәнді дақылдарды өсіру болды. Өсірілген астық шұңқырларда немесе арнайы бөлмелерде үлкен сазды ыдыстарда сақталды. Жетісуда негізгі нан дақылдарының ішінде бидай мен тары болды. Археологиялық қазба барысында астық қалдықтары бар шұңқырлар Жақсылық, Қойлық, Сумбе қалашықтарында жүргізілген қазба кезінде анықталған болатын.

Аграрлық революцияның басқа да маңызды факторларының қатарында суармалы егіншіліктің жетістіктері болды, бұл егіншілерге тұрақты, салыстырмалы түрде жоғары өнім алуға және ауылшаруашылығы нашар дамыған халықты азық-түлік, шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Егін жерлерін суару үшін бірнеше кішігірім арықтары бар, тармақтарға бөлінген ескі көлшік орындар пайдаланылды [Грошев, 1985: 33–34].

Аграрлық революцияның нәтижелері: Жетісу жеріндегі халық санының өсуі, оның тығыздығының артуы, отырықшы халықтардың таралуы, қуатты көші-қонның пайда болуын айтамыз. Сонымен қатар, артық тауарды сатуға, айырбастауға мүмкіндік ашылды [Гринин, 2007: 63–64].

Қорытынды. Осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулер Жетісудағы елді-мекендердің, қалалық мәдениетінің өркендеуі, сауда-байланыстың қарқынды дамуына әсер еткен процестердің бастысы-табиғат факторы болғанындығы дәлелденді. Жетісу - қалалар мен отырықшы мекендердің, егінші және көшпелі мәдениеттерді байланыстырушы міндетін атқарған өңір болды. Сак, үйсін кезінен қалған ескерткіштер арқылы табиғат факторының басты рөлде болғанын дәлелдей аламыз. Ол үшін ғалымдардың зерттеулері жан-жақты көзқараспен қаралды. Ерте ортағасырдағы Қарлұқтардан бастап Жетісуда үзілмей тіршілік болған және өңір арқылы өткен керуен жол материаллық дамуында аса маңызды орын алғандығын көрсетеді. Қала өмірінің өсуіне әсер еткен аграрлық өзгерістерге Жетісудағы бірнеше қалаларға жүргізілген археологиялық қазба нәтижесінде астық сақтайтын шұңқырлардың табылуы, суармалы егіс алқаптарының пайда болуын айтуға болады. XIV ғасырдың екінші жартысында Жетісуда қала мәдениет жойылып, толық күйреуге ұшырайды. Табиғаттың өзгеруінен бөлек, бірден бір себеп індеттің әлемдік деңгейде таралуы. Қытай жерінен таралған індет, Жетісу арқылы өтіп, Еуропаға жетті. Қала-мәдениет, сауда-байланыс, саяси процестердің тоқтап, өшуіне осы бір жағдай әсерін тигізді.

Жетісу мен Іле алабындағы ортағасырлық елді мекендер мен қалашықтарды археологиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстарын қайта жандандырып, өңірдің негізгі мәселесіне айналдыру қажет. К.М. Байпақов, Т.В. Савельева және Ә. Төлеубаев зерттеген археологиялық ескерткіштерге жаңа, заманауи әдістемелер мен әдістерді пайдалана отырып, мульти пәнаралық бағытта кешенді экспедиция ұйымдастыру керек. Осы күнге дейін өңірде анықталған көптеген ортағасырлық қалашықтарда қазба жүргізілгенімен, толыққанды мәлімет алу қиын. Мысалы, Алакөл ойпатындағы Үшарал-Достық тас жолы бойында орналасқан 16 ортағасырлық қалашық пен керуен-сарайлардың нақты өмір сүру уақыты, шаруашылығы және мәдениеті жайында мәліметтер жоқтың қасы. Осындай мәселелер ірі (Қойлық, Талхиз және т.б.с.с) қалалардан басқа, өңірдің барлық дерлік ескерткіштерінде бар.

Сонымен қатар, жоғарыда айтылып кеткен Қапал-Қызылағаш 1 ортағасырлық қалашығының ашылуы, Жетісудағы қала мәдениетін зерттеу жұмыстарын қайта жаңғырту және көптеген ғалымдардың көңілін осы өңірге қайта бөлуге алып келеді деген ойдамыз.

Әдебиеттер

Аристов, 2001 – *Аристов Н.А.* Усуни и кыргызы или кара-кыргызы: Очерки истории и быта населения за падного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии. Бишкек: Илим, 2001. 582 с.

Ақымбек, Шағырбаев, 2020 – *Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С.* 2019 жылы Жетісу өлкесіндегі ортағасырлық ескерткіштерге (төрткүлдерге) жүргізілген зерттеу жұмыстары // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «ХІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті, 2020. 182–194-бб.

Байпаков, Савельева, 2018 – *Байпаков К.М., Савельева Т.В.* Великий Шелковый путь и урбанизация Казахстана // Центральная Азия на Великом Шелковом пути. Алматы, 2018. 544 с.

Байпаков, Савельева, Чанг, 2005 – *Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг. К.* Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. Алматы, 2005. 187 с.

Байпаков, Григорьев, 1999 – *Байпаков К.М., Григорьев Ф.П.* О топографии городища Тараз // Проблемы древней и средневековой истории Казахстана. Материалы II Международных чтений по творчеству Мухаммеда Хайдара Дулати. Алматы, 1999, 380 с.

Байпаков, Воякин, Терновая, 2016 – *Байпаков К.М., Д.А. Воякин, Г.А. Терновая.* Тенгрианство. Еуразияның мәдени мұрасы (ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін). Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2016. С. 121–154.

Байпаков, 2016 – *Байпаков К.М.* Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга III, часть I. Урбанизация Казахстана в XIII – начале XV вв. Алматы, 2016. С. 596.

Горячев, Мотов, 2018 – *Горячев А.А., Мотов Ю.А.* Археологический комплекс Бутакты I. Алматы, 2018.

Грошев, 1985 – *Грошев В. А.* Ирригация Южного Казахстана в средние века. Алма-Ата: Наука, 1985. 148 с.

Гринин, 2007 – *Гринин Л. Е.* Государство и исторический процесс. Т. 1. Эпоха формирования государства: общий контекст социальной эволюции при образовании государства. М.: КомКнига, 2007. 272 с.

Железняков, Жумай, 2021 – Железняков Б.А., Жумай Г., Суатаева Д.С. Средневековые памятники талгарского микрорегиона по данным археологии. вестник «Исторические и социально-политические науки». 2021. № 1 (68, июнь). С. 272–282.

Жилина, 2010 – Жилина Т.Н. Малый ледниковый период как одно из колебаний климата в голоцене и его последствия в Западной Сибири // Вестн. Том. гос. ун-та. 2010. № 340.

Korotaev, Grinin, 2007 – Korotaev A. V., Grinin L. E. Urbanization and the political development of the World System: a comparative quantitative analysis. *History and Mathematics*. Macrohistorical dynamics of society and state, eds. Malkov S. Yu., Grinin L. E., Korotaev A. V. Moscow: KomKniga, 2007. Pp. 102–141.

Нурпеисов, Ауэзов: 2021 – Нурпеисов М. И. Ауэзов Е. 2021. Судьба средневековых городов жетысу на трассе великого шелкового пути // Исторические и социально-политические науки. 2021. № 4 (67).

Сараев, 2007 – Сараев В.В. Принцип построения оросительных систем в предгорьях древнего Семиречья (К вопросу о земледелии на территории Семиречья в древности) // История и археология Семиречья. Алматы, 2007. № 3. 158 с.

Шакенов және басқа, 2023 – Шакенов С.Т., Мартыненко Р. С., Сакен Қ. Қапал-қызылағаш I ортағасырлық қалашығында жүргізілген алғашқы зерттеу жұмыстары // The II International Scientific and Practical Conference «Creation of new ideas of learning in modern conditions». Bordeaux, France. 2023. September 25–27. 296 p.

Зиняков, 2019 – Зиняков Н.М. Исторические предпосылки образования и развития средневековых городов Семиречья и Южного Казахстана // Вестник Кемеровского государственного университета. Кемерово, 2019. № 21 (4). С. 932–939.

References

Aristov, 2001 – Aristov N.A. Usuni i kirgizi ili kara kirgizi: Ocherki istorii i bita naseleniya zapadnogo Tyan-Shanya i issledovaniya po ego istoricheskoi geografii [Usuni and Kyrgyz or Kara-Kyrgyz:]. Bishkek: Ilim, 2001. 582 p. [in Russian]

Akymbek, Shagirbayev, 2019 – Akymbek E.Sh., Shagirbayev M.S. 2019 zhyly Zhetisu olkesindegi ortagasyrlyk eskertkisherterge (turtkulderge) zhurgizilgen zertteu zhumystary [In 2019, research works on medieval monuments (Tortkul) in the Zhetysu region were carried out]. *Ortalyk Asianyn yezhelgi zhane dasturli kogamdaryn tarikh-madeni murasy: zertteu, tusindir zhan aktau maseleri" atta "XII Orazbayev okulary" halykaralyk gylm-adistemelik conference materialdary. Zhauapty ed. by R.S.Zhumatayev*. Almaty: Kazakh University, 2020. Pp. 182–194. [in Kazakh]

Baipakov, Savelyeva, 2018 – Baipakov K.M., Savelyeva T.V. Velikii Shelkovii put i urbanizaciya Kazakhstana [The Great Silk Road and the urbanization of Kazakhstan]. *Centralnaya Aziya na Velikom Shelkovom puti*. Almaty, 2018. 544 p. [in Russian]

Baipakov, Savelyeva, Chang, 2005 – Baipakov K.M., Savelyeva T.V., Chang. K. Srednevekovie goroda i poseleniya SeveroVostochnogo Jetisu [Medieval towns and settlements of Northeastern Zhetysu]. Almaty, 2005. 187 p. [in Russian]

Baipakov, Grigoriev, 1999 – Baipakov K.M., Grigoriev F.P. O topografii gorodischa Taraz [About the topography of the Taraz settlement]. *Problemi drevnei i srednevekovoi istorii Kazakhstana. Materiali II Mejdunarodnih chtenii po tvorchestvu Muhammeda Haidara Dulati*. Almaty, 1999. 380 p. [in Russian]

Baipakov, Voyakin, Ternovaya 2016 – Baipakov K.M., Voyakin D.A., Ternovaya G.A. Tengrianstvo. Euraziyany madeni murasy [Tengri. Cultural heritage of Eurasia] (yezhelgi dauirden bugingi kunge dein). Almaty: A.H. Margulan atyndagi Archeology Institutes, 2016. 736 p. [in Russian]

Baipakov, 2016 – Baipakov K.M. Drevnyaya i srednevekovaya urbanizaciya Kazakhstana [Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan]. *Kniga III. Chast I. Urbanizaciya Kazakhstana v XIII – nachale XVv*. Almaty, 2016. 596 p. [in Russian]

Goryachev, Motov 2018 – Goryachev A.A., Motov Yu.A. Arheologicheskii kompleks Butakti I [Butakty I Archaeological Complex]. Almaty, 2018. [in Russian]

Groshev 1985 – Groshev V. A. Irrigaciya Yujnogo Kazakhstana v srednie veka [Irrigation of Southern Kazakhstan in the Middle Ages]. Alma Ata: Nauka, 1985. 148 p. [in Russian]

Grinin, 2007 – Grinin L. E. Gosudarstvo i istoricheskii process [The State and the historical process]. T. 1. Epoha formirovaniya gosudarstva_ obschii kontekst socialnoi evolyucii pri obrazovanii gosudarstva. M.: KomKniga, 2007. 272 p. [in Russian]

Zheleznyakov, Zhumai, Suataeva, 2021 – *Zheleznyakov, B.A. , Zhumai, G. , Suataeva, D.S. Srednevekovie pamyatniki talgarskogo mikroregiona po dannim arheologii* [Medieval monuments of the Talgar microregion according to archaeology]. *Istoricheskie i socialno_politicheskie nauki. Bulletin of Historical and Socio-Political Sciences*. 2021. № 1 (68). Pp. 272–282. [in Russian]

Zhilina, 2010 – *Zhilina T. N. Malii lednikovii period kak odno iz kolebaniy klimata v golocene i ego posledstviya v Zapadnoi Sibiri* [The Little Ice Age as one of the Holocene climate fluctuations and its consequences in Western Siberia]. *Vestn. Tom. gos. un_ta*. 2010. № 340 [in Russian]

Korotaev, Grinin, 2007 – *Korotaev A. V., Grinin L. E. Urbanization and the political development of the World System: a comparative quantitative analysis. History and Mathematics. Macrohistorical dynamics of society and state*, eds. Malkov S. Yu., Grinin L. E., Korotaev A. V. Moscow: KomKniga, 2007. Pp. 102–141. [In English]

Nurpeisov, Auezov, 2021 – *Nurpeisov M. And Auezov E. Sudba srednevekovih gorodov jetisu na trasse velikogo shelkovogo puti* [The fate of the medieval cities of Zhetysu on the route of the Great Silk Road]. *Vestnik. Istoricheskie i socialno politicheskie nauki*. 2021. № 4 (67). [in Russian]

Saraev, 2007 – *Saraev V.V. Princip postroeniya orositelnykh sistem v predgoryah drevnego Semirechya_K voprosu o zemledelii na territorii Semirechya v drevnosti, Istoriya i arheologiya Semirechya* [The principle of building irrigation systems in the foothills of the ancient Semirechye]. Almaty, 2007. No 3. 158 p. [in Russian]

Shakenov, Martynenko, Saken, 2023 – *Shakenov S.T., Martynenko R. S., Saken K. Kapal-kyzylagash 1 ortagasyrlyk kalashygynda zhurgizilgen algashky zertteu zhumystary* [The first research work carried out in the medieval town of kapal-kyzylagash 1]. *The II International Scientific and Practical Conference "Creation of new ideas of learning in modern conditions*. Bordeaux, France. 2023. September 25–27. 296 p. [in Kazakh]

Zinyakov, 2019 – *Zinyakov N.M. Istoricheskie predposilki obrazovaniya i razvitiya srednevekovih gorodov Semirechya i Yujnogo Kazakhstana* [Historical background of the formation and development of the medieval cities of Semirechye and Southern Kazakhstan]. *Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta*. Kemerovo. 2019. No 21 (4). Pp. 932–939.

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN-KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIYA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

Сулейменова А.Т.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117

Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136

Молдин Б.А., Мәден А.Т.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148

Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.

ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166

Рахметова Ә., Сарсембаева Г.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177

Есназарова З.Б.

АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189

Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205

Шолахов М.Г., Алпысбес М.А.

РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215

Мамраймов С.Д.

1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230

Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.

КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245

Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.

КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М. АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына кесілген дін өкілдері.....	1271
Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р. XIV ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында болған індет.....	1284
Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....	1293
Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К. ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ.....	1304
Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A. KAZAKH-OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15 th – EARLY 17 th CENTURIES).....	1319
Ерғабылов А.Е. ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ІЛЕ АЛАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР (1991-2023 ЖЖ. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ).....	1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru